

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№1 (29) қаңтар-наурыз 2022

ISSN 2710-3994



Бас редактор:

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)

Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернеиқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)

Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:

Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:

Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)

Алымбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)

Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)

Кумекоев Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)

Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)

Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)

Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташев – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожакметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arbaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozdoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzakh Altynbek

МРНТИ 13.11.45

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЕСТЕ ҚАЛДЫРУ МӘДЕНИЕТІ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ҚЫМЫЗҒА ҚАТЫСТЫ МЕРЕКЕЛЕР, РӘСІМДЕР МЕН ҒҰРЫПТАРДЫҢ СИМВОЛДЫҚ ҚОРЫ

З.К. Сураганова¹ , К.К. Сарсембина^{2*} 

¹«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан

* Автор-корреспондент

E-mail: suraganova_zk@mail.ru (Сураганова), kuralai_sk@mail.ru (Сарсембина)

Андатпа. Мақалада XIII-XVII ғғ. қытай, армян, Орта Азиялық авторлардың тарихи жазба деректері негізінде Орталық Азия халықтарының мәдениетіндегі құрбандық шалу және әскери ғұрыптарында жүздеген жылдар бойы басты рәсімдік атрибут рөлін сақтаған қымыздың мәні көрсетілген.

Туға қарата қымыз бүрку, сонымен қатар аспан, жарық бағытына, тауға құрбандық ретінде қымыз бүрку рәсімдерінің тарихта болғандығы белгілі. Қымыз әрбір шаңырақта қана емес, сондай-ақ ұлы дала империяларының мерекелері мен мемлекеттік қабылдауларында да құрметті әрі қадірлі сусын болып саналды. Бұл сусын мерекенің басты дәм сыйы болды. Оны бөлу тәртібі Шыңғыс хан империясы иерархиясын семантикалық түрде белгіледі.

Этнографиялық деректер қазақ халқында қымызға қатысты ғұрыптардың негізгі мәнін жоймай келе жатырғандығын көрсетеді. XX ғасырда қазақ даласында қымыздың құрметті, мәртебелі сипаты айқын көрініс беріп, қымызбен сыйлаудың рәсімдік, салт-дәстүрлік мәні жойылмады.

2021 жылдың шілде-қыркүйек айларында Ақмола (Ерейментау, Корғалжын аудандары), Қарағанды (Ұлытау, Жаңаарқа аудандары), Павлодар (Баянауыл ауданы) облыстары территорияларында жүргізілген далалық зерттеулер көктемгі (*Биебайлар*, *Айғыр қосу*, *Қымызмұрындық*) және күзгі (*Сірге жияр*) күнтізбелік рәсімдер шеңберіндегі қымыз мерекелерінің сақталғандығы туралы айтуға негіз береді. Қымыз ұсынып сыйлатын рәсім тұрақты түрде сақталып қалған.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қымыз күнтізбелік рәсімдерде қана емес, адамның өмірлік кезеңдеріне қатысты орындалатын салт-дәстүр шеңберіндегі мерекелерде, тойларда да бұрынғысынша құрметті әрі қадірлі сусын рөлін атқаруда.

Ерте дәуірден тамырын тартқан қымыз мерекесінің өндірістік-рәсімдік кешені қазақтарда бүгінгі күні мәдени мұра, есте қалдыру орны ретінде қарастырылады. Оны түрлі шараларды ұйымдастыру мен өткізу үшін символдық капитал (нышандық қор) сапасында қолданады.

Қымыздың құрметті сусын болуы оның бірегей биологиялық құрамына қатысты. Қымыз дәрумен, шипалы сусын ретінде қолданылады. Емдік қасиетінің арқасында қымыз қазақ этникалық дәстүр шеңберінен шығып, жалпы қазақстандық мәдениет игілігіне айналады.

Түйін сөздер: есте қаларлық мәдениет, есте қалдыру орындары, қымыз рәсімдері, ғұрыптары, қазақтар.

Кіріспе. Қымыздың тарихы тереңде жатыр. Қымыз қазақ халқының өмірінде ерекше орынды иеленді. Әлі күнге дейін қазақтардың дәстүрлі басқосуларында мәртебелі сусын ретінде құрметпен ұсынылады. Негізгі тағамның алдында да, шай ішілгеннен кейін де қымызбен сыйлайды. Қымыз ұсынғанда белгіленген тәртіптер тұрақты түрде сақталуда. Қымызға қатысты деректерді саралағанда осы бір құрметті әрі қадірлі сусынның көшпелі халықтың өмірінде үлкен

рөл атқарғандығына куә боламыз. Жазбаша деректер мен далалық материалдар қымызға қатысты рәсімдер мен жөн-жоралғылардың 800 жылдан аса уақыт бойына жалғасын тауып келетіндігін көрсетеді. «Аңыз бойынша, алғаш адам баласы жылқыны қолға үйреткен заманда биені сауып, сүтін қайнатып, құрт-ірімшік жасамақшы болыпты. Ол әрекетінен ештеңе шықпаған екен. Сонда Қамбар ата бие сүтінен қымыз ашытып, халыққа үйреткен деседі...» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017:168). Ал, қымызға қатысты мерекелер мен рәсімдерді зерделегенде орта ғасырларда қымызды құрбандық ретінде аспанға, жарықтың төрт бағытына, тауға, туға бүркуге қолданғандығын тұжырымдаймыз.

Ерте орта ғасырлық деректер далалық жылқы өсіру мәдениетінің экологиялық табиғаты «мифоэлеуметтанулық» элеуметтік ұйымға негізделгендігін айғақтайды. Дамыған және кейінгі орта ғасырларда далалық мемлекеттік құрылымдардағы империялық бастамалар элеуметтік құрылымдардың мифоэлеуметтанулық табиғатына өктемдік ете бастады. Нәтижесінде, қымызға қатысты рәсімдер мен ғұрыптар саяси иерархияланған рәсімдер мәртебесіне айнала бастады.

Кеңестік кезеңге дейін және кеңестік кезеңнің басында (XX ғасырдың 30 жылдарына дейін) қазақ халқының арасында қымызға қатысты рәсімдер мен ғұрыптардың өз мәнін жоймағандығын деректер көрсетеді. Кеңестер билігі мерекелік мәдениетті саясат шеңберіне орай реттей бастағанда, қымызға қатысты дәстүрлі рәсімдер кешені үй іші рәсімдерінде қана орындалды. Сол кезеңде жылқы өсіруге қатысты мерекелер қоғамдық кеңістіктен жоғалып, бақташы күні және сабантой мейрамдары өмірден орын алды. Бұл екі мейрам КСРО территориясында әмбебап сипатты иеленді.

Қазіргі уақытта қымызға қатысты мерекелер, рәсімдер мен ғұрыптар қазақ ауылдарында сақталған деп айтуға болады. Сонымен қатар этнографиялық фестивалдер мен мерекелер («Терісаққан көктемі», «Қымызмұрындық», «Көкмайса») түрінде де көрініс беруде. Олар қазіргі жағдайда қазақ-жылқышыларының материалды емес мәдени мұрасын тасымалдаушылар сапасында әрекет етуде. Олар әлемдік кеңістікке жылқы өсіру дәсүрін, қымыз рәсімдік кешенін танымал етуге ықпал етуде («Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік ғұрыптары - бие байлау, айғыр қосу, қымызмұрындық» элементі Бүкіләлемдік материалды емес мәдени мұраның «Салт, ғұрыптар және мерекелер» категориясының (Қазақстан: Традиционные весенние...). репрезентативті тізіміне енуі және қымызды сапыру рәсіміне қатысушылар саны бойынша рекорд-Гиннесс Рекордтар кітабына жазылуы). Қазақы қалып толық сақталған замандардағы қымызға қатысты жөн-жоралғылар, қымыз сапасы және осы тектес мәселелерді ұлттық болмысымызға сай зерделеп, зерттеу қазіргі күні өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан да, ұсынылып отырған мақалада далалық Еуразияның Ұлы Дала белдеуіндегі есте қаларлық мәдениет шеңберіндегі қымызға қатысты жоралғы мен рәсімдердің символдық мәнін көрсетуге ұмтылыс таныттық.

Материалдар мен әдістер. Мақаланы жазуда орта ғасырлық жазба ескерткіштері, XX ғ. зерттеушілерінің этнографиялық бақылаулары, 2021 ж. далалық зерттеу материалдары қолданылды. Жазбаша деректер хронологиясы XIII ғасырдан XVII ғасыр аралығын қамтиды. Олардың арасында: қытай («Юань чао би ши» (Сокровенное сказание [монголах] – С.А. Козин, Б.Я. Владимирцев аудармасы), «Хэй да ши люе» («Краткие сведения о черных татарах»), Мэн-да бэй-лу («Полное описание монголо-татар» - В.П. Васильев аудармасы), армян («История Вардана», «История Армении» Киракоса Гандзакечи), Орта Азиялық «Бабырнама» және «Бахр Ал-Асрар Фи Манакиб Ал-Ахйар» («Море тайн, относительно доблестей благородных») шығармалары бар.

Кеңестік зерттеушілер С.И. Руденко мен Ф.А. Фиельструптың қазақ ауылындағы кеңестер билігінің қолы жете қоймаған қымызға қатысты рәсімдерді бейнелеген, 1930 жылдардағы этнографиялық бақылаулары да назардан тыс қалмады. Сонымен қатар, 2021 жылдың шілде-қыркүйекте Ақмола (Ерейментау, Корғалжын аудандары), Қарағанды (Ұлытау, Жаңаарқа аудандары), Павлодар (Баянауыл ауданы) облыстары территорияларында жүргізілген далалық зерттеулер нәтижесінде алынған материалдар да қолданылды. Далалық материалдар қымызға

катысты мерекелер мен рәсімдердің жанданып дамуы (ревитализация) туралы айтуға негіз береді. Далалық материалдар сауалнама, бақылау және сұхбат әдістері арқылы алынды.

Тарих ғылымында пайдаланылатын әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, әсіресе салыстыру әдісін кеңінен қолдану арқылы түркі мәдениетінен тамырын тартқан қымыз мәдениеті мен қазіргі кезеңдегі қымыз мәдениетінің халық өміріндегі орнын көрсетуге ұмтылды.

Талқылау. Шыңғысхан империясындағы қымызға қатысты жоралғылар мен рәсімдер XX ғасырдың басында-ақ зерттеушілер назарына ілікті. Шығыстанушы В.В Бартольд осы мәселеге алғашқылардың бірі болып көңіл аударды. 1909 жылы жарияланған Г.Н. Потаниннің 70 жылдығына арналған жинақта оның ақын, тарихшы, сопы Махмуд бен Эмир Валидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» (1630-35 жж. жазылған) шығармасына талдау жасаған «Церемониал при дворе узбекских ханов в VII веке» атты мақаласы жарияланды. Онда сабадар (қымыз сабасын меңгеруші) рөлін, қымыз ішу рәсімінің қатаң иерархиясын ерекше атап көрсетеді (Бартольд, 1909: 293-308). «Оқиғаның егжей-тегжейлі баяндалуына қарай отырып, қазіргі орыстық Түркістанның мәдени облыстарында өздерінің билігін орнатқан өзбек хандары XVI ғасырдың басы мен XVII ғасырдың ортасында көшпелі өмір және рулық құрылыс дәстүрлерімен санасуға тиісті болды. Олардың сарайлары Хиуа және Бұқара хандарының сарайларынан ерекшеленді» (Бартольд, 1909: 295).

Қазіргі зерттеушілердің бірі А.Г. Юрченко де Шыңғысхан империясындағы қымызға қатысты рәсімдер мен оның мемлекеттік саясаттағы мәні тақырыбына көңіл аударды. Оның еңбектерінде қымызға қатысты рәсімдер, Шыңғысхан саясаты, көзқарасы, яғни шет жерліктерді империялық және мәдени кеңістікке енгізу тұрғысынан қарастырылады. Ғалым қымыздың діни рәсімдерге қатысы жоқтығын, жаңа бағынушыларды мадақтаған құрметті дәм - сый болғандығын алға тартады (Юрченко, 2007: 62-70). А.Г. Юрченко өзінің «Элита Монгольской империи: время праздников, время казней» атты кітабында тарихи деректер негізінде империялық мейрамдар – Ұлы Құрылтайдың дәстүрлі күнтізбелік рәсімдер мен астральды цикльге айқын байланыстылығын баяндайды (Юрченко, 2012: 2). Сонымен қатар, «осындай тұрғыдағы шаралар астарында алыс аймақтардағы орынбасарлардың орталық билікке деген адалдығын тұжырымдайтын жоғарғы билеушімен тікелей, жеке байланысы жатты» (Юрченко, 2012: 28), - деген тұжырым жасайды. Зерттеуші басты төрт империялық мейрамдарды атап көрсетеді: жаңа жыл, боз биенің сүтін ішу мерекесі, екінші жарты жылдың басы, ай жылының ортасы рәсімдері (праздники возлияния молоком белых кобылиц, начала второго полугодия, середины лунного года). Бұлар Жер мен Аспанды құрметтеуден туындаған (Юрченко, 2012: 16-53). Осы айтылғанды бірнеше деректер дәлелдейді. Соның қатарында армян деректерін де атауға болады. Вардан тарихында 1264 жылы шілдеде ұлы Ильхан Хулагу Жаңа жыл құрметіне орай мереке ұйымдастыратындығы жазылып, одан әрі: «Бұл мерекелік күндер, яғни мәжіліс күндеріндегі мереке Құрылтай деп аталды және ол бір айға созылады. Осы уақытта, яғни мереке күндері Шыңғысханның туыстары, өзге хандар жаңа киімдерін киініп қажетті мәселелерді талқылау үшін өздерінің билеушілеріне келеді. Әрбір күн сайын олар өзге түстегі киімдер киеді. Мереке күндері оның қол астындағы патшалар мен сұлтандар үлкен сыйлықтармен келеді» (История монголов по армянским источникам, 1873: 16-17).

Кеңестік этнографияда қазақтардың қымызға қатысты мерекелері жазылды. КСРО Ғылым Академиясы Қазақстандық экспедициясының Антропологиялық отрядына қатысушылар – С.И. Руденко и Ф.А. Фиельструп 1927 жылы бірінші көктемгі құлын байлау рәсімін, бірінші сауылған қымызбен мерекелік дәм татқызу жоралғыларын (Руденко, 1927: 22-24), қымыз даярлау ерекшеліктерін сонымен бірге қымыз дәмінің қымызды сапыру санына байланыстылығы туралы деректерді тіркеді (Фиельструп, 1927: 267).

Қымызға қатысты мейрамдар Отандық зерттеушілер Б.С. Кожаметова, Э. Усманова, М.Э. Султанова, Ж.Н. Шайгозова еңбектерінде де қарастырылды. Аталған зерттеушілер еңбектері Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Терісаққан ауылындағы далалық бақылау негізінде жазылған және көктемгі қымыз мерекесіне («Бие байлау», «Айғыр қосу» и «Қымызмұрындық») арналған. «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік рәсімдері» номинациясы құрамында 2018

жылы Бүкіләлемдік материалды емес мәдени мұра («Салт, ғұрыптар және мерекелеу» категориясы) репрезентативті тізіміне енді.

Терісакқан қымыз рәсімдік кешені барлық үш жоралғының бір күнде өтетіндігін көрсетеді. Дәстүрлі түрде аталған жоралар сәуір-мамыр айларында болады.

Зерттеушілер олардың түрлі сипатын атап көрсетеді: «Циклдің үшінші әрі қорытынды бөлімі қымызмұрындықтың жеке сипатты көрсететін бие байлау, айғыр косу ғұрыптарынан (отбасы мүшелері мен жақын туыстар қана қатысады) айырмашылығы бар. Қымызмұрындықта көптеген адамдар жиналады. Қонақтар неғұрлым көп болса, қожайынға айтылатын жақсы, ізгі тілектер де соғұрлым мол болады» (Султанова, Шайгозова, 2017: 205).

Ал, этнограф А.Тоқтабай қымыз, қымызмұрындық тақырыбын тыңғылықты зерттеген ғалым. «Қымызмұрындық» атты еңбегінде қымызмұрындық мерекесіне қатысты жан-жақты талдау жасаған. Қымызмұрындыққа анықтама беруден бастап, оны қымыз тойы деп атай отырып, жан-жақты сипаттаған. Жетісу, Батыс Қазақстанда қымызмұрындық, Сарыарқада биемұрындық, Шыңжаңда биебау, Моңғолияда бие байлар деп аталатындығын, олардың мағынасы бір екендігін, ұлттық сипаты жағынан Наурыз мерекесі мен Құрбан айттан кем түспейтіндігін жазады. «Қымызмұрындық қазақтың Ұлыстың ұлы күні – Наурыздан кейінгі үлкен тойы», - деген тұжырым жасайды (Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том: біртұтастығы және ерекшелігі, 2005: 266-267).

Зерттеу нәтижесі. Тарихи деректер мен этнографиялық реалдылықтағы қымызға қатысты рәсімдер мен ғұрыптарға тоқталсақ: тарихи деректер далалық мәдениеттегі қымыз бүрку рәсімінің тұрақты сипатта болғандығын айғақтайды. Далалық Еуразияда ертеден қымыз құрбандық ретінде қарастырылды. 1240 жылы «Юань чао би ши» (Сокровенное сказание [монголах]) шығармасында Шыңғысханның ғажайып құтқарылғаны үшін Буркан тауына ризашылықпен құрбандық беруі суреттеледі. Алайда, құрбандық аталып көрсетілмейді. Қымыздың аты аталуы, қымыздың құрбандық ретінде себілгендігін дәлелдейді. Деректе: «Бурхан-халдунмен менің өмірім қорғалған. Сұмдық қорқынышты жағдайды басымнан кештім. Әрбір таңда оған ғибадат етемін (өрмелеп шығып) және әр күн сайын дұғамды айтамын. Ия, ұрпақтарымның ұрпақтары түсінсін!», -деп айтып, күнге бетін қаратып белдігін мойнына байлап, бас киімін қолына алып, кеудесін жалаңаштап, күнге 9 рет иілді (күн жаққа) және бүрку мен сыйынуды аяқтады» (Юань Чао Би Ши, 1941: 98), – деп жазылған.

Б.Я. Владимирцов кітабында осы мәтін неғұрлым нақтырақ баяндалады: «Темучин белдігін шешті, оны мойнына ілді, бас киімін шешті, оны қолына ілді, кеудесін ұрып, тоғыз мәрте тізе бүгіп қымызды бүркіді» (Владимирцов, 1922: 36). Шыңғысхан: «Буркан тауы менің байғұс өмірімді қорғады, бұдан былай оған әрқашан құрбандық шалып отырамын және балаларым мен немерелеріме құрбандық әкеліп отырындар деп өсиет етемін» (Владимирцов, 1922: 36-37), -деген деректер де бар.

Армян тарихшысы К. Гандзакеци қымызға қатысты рәсімдердің қымызбен құрбандық беруден басталатындығын айтады (глава 32 «Краткое описание внешности татар»): «Қымызды ішер алдында..., олардың ішінен біреуі шығып үлкен ыдысты бір қолына ұстайды, ал екіншісі кіші тостағанды ұстап тұрады, Үлкен ыдыстан қымыз кіші ыдысқа құйылады. Сосын алдымен аспанға, шығыс, солүстік және оңтүстік бағытына қымыз бүркіді. Содан кейін қымызды бүркіген адам қымыздан шамалы дәм татып ыдысты үлкенге ұсынады» (Гандзакеци, 1976: 172). Қытай деректерінде де «Олар шарап ішердің алдында әрдайым ең алдымен шарапты бүркіп алады» деген мәліметтер бар (Мэн-Да-бэй-лу, 1857: 79).

Туға қымыз бүрку рәсімі Үндістанда болашақ Тимуридтер (Бабуридтер) империясының (1521-1857 (68) жж.) негізін салушы Захириддин Мухаммед Бабыр (1483-1530) еңбектерінде кездеседі. 1501 жылы (хижра жылы бойынша 907 ж.) рәсімге тікелей қатысып, куәгер болған Бабыр: «моңғол салты бойынша ту түсірілді. Хан атынан түсті. Ханның алдына 9 туды жерге қадады. Бір моғол өгіздің алдыңғы аяғының сүйегіне ұзын ақ кенепті байлап, оны қолына ұстап тұрды. Үш ұзын кенеп үш туға байланды. Бір кенептің ұшын Хан аяғымен басып тұрды. Басқа туға байланған кенептің ұшын мен басып тұрдым. Үшінші кенептің ұшын Сұлтан Мухаммед

Ханике басып тұрды. Қолына кенеп байланған өгіздің жілігін ұстаған моғол туға қарап моғолша бірнәрселер айтып, бір қимыл (белгі) жасады. Хан және оның қасында тұрғандар қымызды туға қарата бүрке бастады. Бәрі бір деммен труба тартып, барабан соқты. Сапта тұрған жауынгерлер бәрі бір адамдай жауынгерлік ұрандарын айтты. Бұның барлығын үш мәрте жасап, содан соң аттарына отырып, айқаймен лагер айналасында шауып жүрді» (Бабурнаме, 1982: 74-75).

Орта ғасырларда қымыз тойдың міндетті әрі мәртебелі дәм сыйы болып қала берді. Орта ғасырлық бір шығармада: «Пісіп, бөлінген еттерді молынан әкелді... және бие сүтінен қымыз толтырылған көптеген ыдыстар қойылып, ішіп-жей бастады», - деп жазылған (Гандзакеци, 1976: 165).

Қымызға қатысты рәсімдердің суреттелуі оңтүстік сун дипломаты Пэн Да-я мен Сюй-Тин «Хэй да ши люе» («Краткие сведения о черных татарах») атты жазбаларында да кездеседі. Жазбаның жазылған уақыты 1233 ж. (Пэн Да-я) және 1235-1236 жж. (Сюй Тин) екендігін қытай зерттеушісі Вн Го-вэй (1877-1929) анықтаған еді. Оның мәліметтеріне сүйенсек, жазба авторлары Оңтүстік Қытайға сол уақыттарда Хэнанды басып алған чжурчжэндерге қарсы бірлескен әскери қимылдар жүргізу туралы ұсыныспен келген моңғол елшісіне жауап ретінде «ризашылығын білдіру» мақсатында моңғол сарайына жіберілген елшілер құрамында болған (Пэн Да-я, Сюй Тин, 1960: 133). Жазбада қымызға қатысты рәсімдер суреттеліп қана қоймай, сонымен қатар оның шығу тегі түсіндірілген: «Например, [человек] А, первый наливший [кобылье молоко], непременно пьет его сам, и только после этого дает пить лицу Б [из этой же чашки]. Б, прежде чем пить, подает чашку А. [В это время] В и Г чмокают губами. Это называется «вкушанием». [Лицо] А [в свою очередь] не пьет и тотчас же передает [чашку] В, чтобы тот выпил. В выпивает и, зачерпнув [кобылье молоко], угощает [им лицо] Б. Б снова отказывается пить и дает пить [лицу] Г. Г совершает такой же обряд, как и В, и только теперь [лицо] Б выпивает и, зачерпнув [молоко], угощает [им] А. А снова в таком же порядке наливает им кобылье молоко и дает пить [лицам] В и Г. Это называется «обменом кубками». Первоначально это делалось для того, чтобы предостеречься от отравления, но в дальнейшем превратилось в постоянный обычай» (Пэн Да-я, Сюй Тин, 1960: 139).

Түркі-моңғол мерекелерінің рәсімдік кеңістігіне шет жерліктердің тартылуы туралы көптеген мәліметтер бар. Сун авторы Мэн-Да-бэй-лу шығармасында шет жерліктерді қымызбен сыйлау көрінісі келтірілген: «Татар салты бойынша (тойда) қожайын қолына тағам мен шыны аяқты ұстап тұрып, қонақтың ішіп-жеуін өтінеді. Келген қонақ ішіп, ыдыстың түбіне бір тамшы қалдырса, онда қожайын ыдысты кері алмайды... Шет жерлік қонақ қымызды ішіп алып, әдепті бұзып, айқайлап, шуласа, онда «Қонақ мас болды, демек ол бізбен бірге!» деп олар қатты риза болады» (Мэн-Да-бэй-лу, 1857: 82-83).

400 жылдан соң қымызды беру (тарату) рәсімі Махмуд вен Валидің Бұқара мен Самарқанд, Балх билеушісі Аштарханид Надир-Мухаммед-хан (1634-1641 жж.) бұйрығымен жазылған «Бахр Ал-Асрар Фи Манакиб Ал-Ахйар («Море тайн, относительно доблестей благородных») шығармасында бейнеленеді. Шығармада қымызға қатысты рәсімдер егжей – тегжейлі суреттелген: «после того как царь и войско наслаждаются разного рода благами и божественными звуками, тогда *сучии* (...кравчие) и *сабадары* (... заведующие бурдюком) приносят бурдюки, чарки и другие принадлежности беззаботного веселия и [этими] предметами, связанными с веселием, воодушевляют радостное собрание. Тогда один их проворных одачиев по знаку царя, прибежища царства, наполняет собственную чарку [царя] до краев тем напитком, кладущим основу общению людей, и, с соблюдением всех приличий, подносит государю. Царствующий при благоприятных знамениях повелитель без всякого промедления поднимает тот кубок, полный радости, и немного отпивает от того чистого вещества, которое называется кумысом, а остальную часть того прогоняющего печаль [напитка] жалует одному из надежных советников-эмиров. Эмир, отличенный [такой] милостью, должен тогда выполнить два требования приличия: во-первых, обменять царскую чарку (...), во-вторых, выпить все пожалованное ему (... осушить до дна чарку). Тогда упомянутый одачи, встав у отверстия бурдюка, по высочайшему знаку

выпивает один кубок, а вторую [царскую] чарку прежним порядком подносит царю и возвращается [на свое место]» (Бартольд, 1909: 305-306).

Осылайша, жоғарыда келтірілген деректер XIII-XVII ғасырлар бойы Яса ережелерімен реттелген және әскери тұрмыспен (Бартольд, 1909: 305), сонымен қатар далалық империялар мен мемлекеттердің саясатымен (Юрченко, 2012: 16-53) үздіксіз байланыста болған қымызбен сыйлау рәсімінің сипатын көрсетеді. Қымызбен сыйлау рәсімінің уақыт өте келе жеңілдетілгендігін де алға тартады.

Этнографиялық өмірдегі қымызға қатысты мерекелер мен ғұрыптарға тоқталсақ: Қазақтарда қымызға қатысты күнтізбелік мерекелер тұрақты түрде сақталуда. Қымыз қазақ халқының қонақжайлылығының басты символдарының бірі. Қымызға қатысты рәсімдер де түрлі жөн-жоралғылар да жеткілікті. Қазақ халқында «қымыз көптің асы», - деген де түсінік бар. Дәстүрлі қоғамда бие байлап, қымыз ашытып отырған үйге кез-келген адам түсіп, қымыз ішуіне болады. Қымызды ер адам құйған. Оң жақты жағалай отырғандардың ең шетіндегі жасы кішісі құйған. Оны аяқшы деп атаған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017:176).

Көктемгі мерекеге *бие байлау (биебайлар), айғыр қосу, қымызмұрындық (биемұрындық)* жатады. Күзде соңғы қымыз мерекесі *сірге жияр (сірге мөлдіретер)* (Далалық материалдар, 2021) дәстүрлі түрде тойланады.

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында бие байлау туралы былай деп жазылған: «бие байлау-бие сауып, қымыз ашыту. ...Ел жайлауға шыққан кезде сауылатын биелерді бөле бастайды. Алдымен желі тарту үшін қазықтар қағылады, бірінші қазықты жылда арнайы қазық қағып жүрген тоқпақтың сабына ақ мата байлап, үлкен ақсақалдардың бірі қағу ишарасын жасайды. Желі тартқанда әрбір бес құлынның ортасына бір қазық қағылады. Желі маңы биебау деп аталады. Әйелдер сабалар мен көнектерді әбден жуып, желінің басына кептіреді. Малым құт әкелсін деген ниетпен биебаудың үш қазығының, желі арқанның басына, айғырдың жалына, биенің сауырына сары май жағады. ...Құлындарды желіге байлаған соң, биебаудың шайын дайындайды» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 677).

Қазақ халқы қымыз құятын ыдыстарға ерекше мән берген. Күбі еменнен жасалған ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңдеу ыдыс болса, ал саба негізінен жылқының терісінен жасалған. Қымызды күбіден кеңдеу ыдысқа құйып алып, содан кейін сапырып алып, ожаумен (шөмішпен) кеселерге құйып, екі қолмен немесе оң қолмен (сол қолмен оң қолдың шынтағынан демеп тұрып) ұсынады. Ертеде де, қазірде де ер адамның жылқы сауып, қымыз беруі ұят деп саналмаған (Далалық материалдар, 2021).

Қымыз бен саба қазақ халқының өмірінде үлкен рөл атқарған. Тойда, ас бергенде қадірлеудің, құрметтеудің белгісі ретінде сабамен қымыз апарған. «Бұрын кімнің сабасы үлкен болса, оның мерейі де, ел алдында беделі де жоғары болып, «бай», «мырза» деген атақ алған. Осылайша салтанатпен қымыз апару кісілік, сыйластық белгісі ретінде қабылданатын болған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2014: 116). Қазақтың өмірін жақсы білетін адам сабаны жерге қоймайтындығын да біледі. Сабааяқ немесе саба орындық үстіне қойылады (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2014: 115).

Қазақтарда қымызбен сыйлаудың өзіндік белгіленген тәртібі де бар. Қымыз пісілген (қымыз піскен) ыдыстан қымызды құйып беру әдепсіздікке жатады (Казахи. Историко-этнографическое исследование, 1995: 85; Руденко, 1930: 30).

Қымыз тарату қайырымдылық, гомеопатиялық магия – ырымға қатыстылығы тәжірибеде атап өтіледі. *Сірге жияр (сірге мөлдіретер)* соңғы күзгі қымыз (бие ағытарда бірнеше күн бойы жиналған қымыз) салты бойынша бие ағытар алдында қымыз құйылған соңғы тостаған жасы келген әйел адамға немесе кәмелетке толмаған қыз балаға беріледі (ырым бойынша келесі жылы биелер көп құлындасын, ұрғашы құлындар көп туылсын деген мақсатпен) (Далалық материалдар, 2021). Жалпы сірге жияр қымызы елмен бірге бөліп ішіледі. Бұрындары күзде бие

ағытыларда ауыл адамдарын жинап, ең соңғы қымызды беруді, яғни сірге мөлдіретерді бір үй қана өткізбей, кезек-кезегімен бүкіл ауыл болып өткізіп, үлкен тойға айналған. «Бұл ғұрыптың мәнісі келесі бие байлап қымыз ашытуға дейін бас аман, бауыр бүтін болып, осы жұбымызбен тегіс жетейік дегені. Ол күні ет асылып, дастархан жайылады» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2014: 309).

Жалпы қазақ халқы отбасы тәрбиесінде балаға жастайынан тамақты ысырап етпеуді, нанды тастамауды, сүттен жасалған өнімдерді ерекше құрметтеуді бойына сіңірген. Мәселен, нанды басуға болмайды, ақты төгуге болмайды және т.б. осы тектес түсініктер күнделікті өмірден көрініс тапты. Бір сөзбен айтқанда қазақ баласы кие мәселесіне ерекше мән берген еді.

Қымыз шипалы сусын қана емес, оның әр түрлі магиялық күші бар деген де түсініктер орын алды. Мәселен, бұрынғылардың айтуынша адамды күнәсінен арылту үшін боз биенің сүтіне шомылдырған. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» энциклопедиясында: «Боз биенің сүтіне шомылдыру. Дәстүрлі орталда қолданылатын емдік шаралардың бірі» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 175) екендігі жазылған. Сонымен қатар аталған дереккөзде қымыздың сүйекті балқытатын қасиетін оташылар тиімді пайдаланып, яғни теріс біткен сынық сүйекті жібітіп қайта салу үшін қымызға отырғызып ем жасағандығы да айтылған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 176). Сонымен, қымызға қатысты жөн-жоралғылар жеткілікті.

Тарихи, этнографиялық деректер мен далалық материалдарды талдау. Қазақстанда қымыз бұрынғы замандағыдай мәртебелі сусын ретінде саналады. «Любовно приготовленный степной кумыс вкусен, ароматичен, приятно слегка пьянит и веселит, и обряд распивания его растягивается под разговоры на долгое время... Кроме того важного значения, которое он имеет в хозяйстве и как неперенное угощение для гостя, кумыс играет главную роль при всех выдающихся событиях как семейного, так и общественного характера» (Фиельструп, 1930: 270).

Алайда, көктемгі цикл салтындағы көтен беру (табыншыларға дәм-сый беру), құлын байлау мерекесі қазіргі кезде қолданыстан шығып қалғандығын да айтуымыз керек.

Сары Арқаның белді аудандары – Қарағанды облысының Ұлытау және Жаңаарқа аудандарының тұрғындары материалды емес мәдени мұра элементтері-қымызға қатысты мерекелерді насихаттауға зор үлес қосуда. Олардың ұсыныстары және әкімшіліктің қолдауымен аталған өңірлерде қазақтардың қымыз ішу дәстүрін танымал ету бойынша көптеген шаралар жасалынуда. 2018 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданы Терісаққан ауылы тұрғындарының және «Ұлытау» ұлттық-музей қорығы ұмтылысымен «Қазақ жылқышыларының дәстүрлі көктемгі мерекелік ғұрыптары - бие байлау, айғыр қосу, қымызмұрындық» элементі Бүкіләлемдік материалды емес мәдени мұраның «Салт, ғұрыптар және мерекелер» категориясының (Казахстан: Традиционные весенние...) репрезентативті тізіміне енді.

Бір жылдан соң Жаңаарқа ауданы 12 ауылының тұрғындары – бір мың қатысушылар (басым көпшілігі әйелдер) қымызды сапырудан рекорд жасады (бір мың күбіге 10 мың литр қымыз құйылған).

Қымыз және оған қатысты мерекелер, рәсімдер мен ғұрыптар қазіргі қазақтардың жадында биік мәні бар мәдени мұра сапасында қалуда. Бұл мәдени жадының қасиеті. Ғалымдар жазғандай: «Память – это всегда актуальный феномен, переживаемая связь с вечным настоящим... Память в силу своей чувственности и магической природы уживается только с теми деталями, которые ей удобны. Она питается туманными, многоплановыми, глобальными и текучими, частичными или символическими воспоминаниями, она чувствительна ко всем трансферам, отображениям, запретам или проекциям. Память помещает воспоминание в священное... Память порождается той социальной группой, которую она сплавивает... [Нора, Озуф, 1999: 20].

Қымызға қатысты мерекелер, рәсімдер мен ғұрыптары қазіргі қазақтардың санасында тамырын тереңге жіберген есте қалдыру мәдениеті (lieux de mémoire) сапасында қарастыруға

болады. «Мерекелер – бұл «коммеморативті қырағылықтың» бейнеленуі», бұл «есте қалдыру орындарының басты бастиондары» (Нора, Озуф, Пюимеж, Винок, 1999: 27).

П. Нора бойынша мұра жады (mémoire-patrimoine) жадының бесінші заманауи түрін анықтайды (Нора, Озуф, Пюимеж, Винок, 55), соның арасында біз жадының өзге де түрлерін айқындаймыз: патшалық жады, мемлекет жады, ұлт жады, азамат жады. Мұра жады қоғамдық игіліктегі терең трансформация болып табылады. Нора жазғандай: «жадының өз ішіндегі күрестегі ұжымдық мұраның дәстүрлі орны» (Нора, Озуф, Пюимеж, Винок, 1999: 55-56).

Британдық тарихшы П. Хаттон анықтамасы бойынша «ұжымдық жады – бұл біздің қиялдарымыздың шекарасын өзіміз жататын арнайы топтардың позициясымен үйлесімділікте белгілейтін қоғамдық өнегелі құндылықтар мен идеалдардың күрделі желісі. Осы жеке образдардың (бейнелердің) өзара байланысы арқылы ұжымдық жадының әлеуметтік шеңбері қалыптасады және тек қана осы жүйенің ішінде индивидуалды (даоаланған) жады (егерде аман қалса) орналасуы мүмкін (Хаттон, 2003: 129).

Осы жадыны тасымалдаушылар қазақ ауылдарының тұрғындары-жылқышылар (Жылқы ұстаушылар, өсірушілер) болып табылады. Олар қоғамның экологиялық құрылымы «мифоәлеуметтанулықпен» байланысты қымызға қатысты рәсімдердің өткені туралы ұжымдық жадының әлеуметтік шеңберлерін қалыптастырады. Дюркгейм жазғандай: «жануарлар, адамдар, жансыз нысандар алғашында әрқашан дерлік ең толық сәйкестіктегі қарым-қатынасты өзара қолдайтындар ретінде қабылданды» (Дюркгейм, Мосс, 2011: 58).

Қорытынды. Қазіргі уақытта, жалпы әлемдік пандемия жағдайында далалық материалдар көрсеткендей, бірқатар үрдістер байқалады. Біріншіден, бие сауып, қымыз жасауды доғарған жылқы ұстаушылар қазіргі күні қымызға қайтадан мән бере бастады. Қымыз бен бие сүті қазірде короновирус инфекциясынан соң адамды қалыпты жағдайына келтіруде үлкен рөл атқаруда, яғни құтқарушы құрал ретінде бағалануда. Өңірлерде ақпарат берушілердің айтуынша жақындары мен туғандары COVID болып ауырғаннан кейін бие саууды бастаған. Жақындарын жоғалту немесе жақындарының сырқаттануы себептерінен емдік қасиеті мол қымыз өкпе мен қолқаны қалпына келтіруге жақсы әсерін тигізеді деген өткен ұрпақтың даналығына сүйене отырып, бүгінгі күні саумалды (бие сүті) тұтыну үшін қымыз өндіруде (Далалық материалдар, Ақтөбе облысы).

Екіншіден, қымыз өндіру бие ұстаушылар мен шаруа қожалықтарына елеулі пайда әкелуде. Қымыздан басқа бие сүті де табыс көзіне айналууда. Қымыз өндіретін жылқы иелерінің хабарламасы бойынша былтырғы жылы жаз айында қалада адамдар қымыз сатып алу үшін дүкендерде кешкі уақыттан бастап кезекке тұрған (Далалық материалдар, Ақтөбе облысы). Сатып алушылар қымыз алу үшін бірнеше күн бұрын алдын-ала тапсырыс берген.

Үшіншіден, қымыз өндірісі бойынша заманауи компаниялар құрылууда. Солардың бірі «ТОО Евразия Инвест LTD» компаниясы өзінің «SAUMAL» электронды қорында өз миссиясын былайша айқындаған: «Біздің өндіретін өнімдер – бұл біздің ата-бабаларымыздың мұрасы мен заманауи технологиялардың бірегей үйлесімділігі. Бұл қазақ халқының адамзаттың сауығуы ісіне қосқан үлесі» (SAUMAL®). Оның негізін салушы әрі бас директоры К. Мейрамбеков: «Біздің еліміздің қара алтыны – мұнай туралы бүкіл әлем біледі, бірақ біздер Жердегі барлық адамдардың біздің ақ алтынымыз болып табылатын денсаулық эликсирі, Ұлы Дала сыйлығы – бие сүті туралы да білгендерін қалаймыз» деп жазған.

Төртіншіден, қымыз өндірушілер былтырғы пандемияға қатысты күрделі жағдайды ескере отырып, адамдарға қайырым мен ізгілік жасауда. Олар өз ұсыныстарымен емдейтін мекемелерге қымыз жөнелткен, шаруашылыққа келген адамдарға ақысыз бие сүтін ішкізген. Мәселен, Жаңаарқа ауданының жылқы ұстаушылары Қарағанды облысы ауруханаларына бірнеше жүз литр қымыз бен бие сүтін жөнелткен. Түгіскен ауылы тұрғындары (тұрғындары шамамен 2000 адамдай) аудан орталығындағы, сонымен қатар Теміртау мен Жезқазған қалаларындағы ауруханаларға қымыз жіберген (Далалық материалдар, Қарағанды облысы).

Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданы Саржал ауылы тұрғындары Семей қаласындағы жұқпалы аурулар ауруханасында ем алушылар мен жұмыс жасаушыларға арнап 1000 л. қымыз

жіберген (Далалық материалдар, Шығыс-Қазақстан облысы). Көрсетілген қазақ ауылдарында жылқылар санының Саржал ауылында 14 мың бастан аса болса, Түгіскен ауылында 19 мың бас екендігін де ескеруіміз керек. Екі ауыл да жылқы өсіру дәстүрін сақтаған, кеңестік кезеңде де жылқы ұстаған өңірде орналасқан.

Бесіншіден, қымызды этникалық қазақтар қана өндірмейді. Қазақстандық БАҚ мәліметтерінен жылқы өсіру және қымыз өндіру ісімен өзге ұлт өкілдері де айналысуда. Олардың ішінде: Олег Кеплинг және Анатолий Горбачевті атауға болады. Олег Кеплинг Қарағанды облысы Сиырты ауылында тұрады. Ол жылқы өсіреді, көкпарды кәсіби деңгейде ойнап, қымыз дайындайды (Малгаждарова, 2021). Анатолий Горбачев Батыс Қазақстан облысы Чеботарево ауылында тұрады. 13 жасынан бастап қымыз өндіру технологиясымен таныс. Ал, жылқы өсірумен өмір бойы айналысуда. (Троценко, 2021). Осылайша, емдік қасиетінің арқасында қымыз қазақ этникалық дәстүр шеңберінен шығып, жалпы қазақстандық мәдениет игілігіне айналады.

Мақала МСМ қолдауымен «Дәстүрлі әдет-ғұрып есте қаларлық мәдениеттің көрінісі ретінде: Еуразия даласының символдық капиталының ресурстары мен стратегиялары» BR10164218 бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде әзірленді.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

Бабур-наме (Записки Бабура). Пер. М.Салье. Кн. 2. – Ташкент: Изд. ЦК КП Узбекистана, 1982. – 256 с.

Бартольд В.В. Церемониал при дворе узбекских ханов в XVII веке. Сборник в честь семидесятилетия Григория Николаевича Потанина. Санкт-Петербург: типография В.Ф. Киришаума (отд-ние) VIII, 668 с. Записки Русского географического общества: по Отделению этнографии /ред. д. чл. А. Д. Руднев. Том 34. – 1909. – С. 293-308.

Владимирцов Б.Я. Чингис-хан. Берлин. Петербург. – Москва: Издательство З.И. Гржебина, 1922. – 180 с.

Гандзакеци К. История Армении. Пер. с древнеарм., предисл. и коммент. Л.А.Ханларян. – Москва: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1976. – 357 с.

Дюркгейм Э., Мосс М. О некоторых первобытных формах классификации к исследованию коллективных представлений / Мосс М. Общества. Обмен. Личность. Труды по социальной антропологии. Сост., пер. с фр., предисловие, вступит. статья, комментарии А.Б. Гофмана. – Москва: КДУ, 2011. – 416 с. С. 55-124.

История монголов по армянским источникам /Перевод и объяснения К.П. Патканова. Вып. 1. Вып. 1: Закрывающий в себе извлечения из трудов Вардана, Стефана Орбелиана и Констабля Сембата. – 1873. VIII. – 100 с.

Казахи. Историко-этнографическое исследование. – Алматы: Казахстан, 1995. – 352 с.

Казахстан: Традиционные весенние праздничные обряды казахских коневодов были включены в Репрезентативный список нематериального культурного наследия человечества. <http://ru.unesco.kz/kazakhstan-traditional-spring-festive-rites-of-the-kazakh-horse-breeders-inscribed-on-the> (Дата обращения: 03.09.2021)

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1 том: біртұтастығы және ерекшелігі / Құраст.: С. Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.. Энциклопедия. – Алматы: ТОО Әлем Даму Интеграция, 2017. – 1 том: А-Б. – 856 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі). Энциклопедия. – Алматы: ТОО Әлем Даму Интеграция, 2017. – 4 том: Қ-Ө. – 832 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі.. Энциклопедия. – Алматы: Азия Арна, 2014. – 5 том: Ө-Я. – 840 б.

Малгаждарова И. По национальности немец, но в душе – казах»: Житель Карагандинской области создал собственный рецепт кумыса. 07.10. 05:11. URL:

<https://newtimes.kz/obshchestvo/137576-po-natsionalnosti-nemets-no-v-dushe-kazakh-zhitel-karagandinskoi-oblasti-razrabotal-sobstvennyi-retsept-prigotovleniia-kumysa> (Дата обращения: 10.10.2021)

Мэн-Да-бэй-лу. Записка о монголо-татарах. Васильев В.П. История и древности восточной части Средней Азии от X до XIII века, с приложением перевода китайских известий и киданях, чжурчженях и монголо-татарах / [Соч.] В. Васильева. – Санкт-Петербург: тип. Имп. АН, 1857. – С. 216-235.

Нора П., Озуф М., Пюимеж Ж. де, Винок М. Франция-память. Пер. с фр. Д.Хапаевой. – Санкт-Петербург: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 1999. – 328 с.

Полевые материалы авторов (2021). Акмолинская, Карагандинская, Павлодарская области. Июль-август.

Полевые материалы экспедиции (2021), полученные в Алгинском районе Актюбинской области, октябрь.

Полевые материалы экспедиции (2021), полученные в Коргалжынском районе Акмолинской области, август.

Полевые материалы экспедиции (2021), полученные в Жанааркинском районе Карагандинской области, август.

Полевые материалы экспедиции (2021), полученные в Абайском районе Восточно-Казахстанской области, октябрь.

Пэн Да-я и Сюй Тин. Краткие сведения о черных татарах. Проблемы востоковедения. № 5. – 1960. – С. 133-158.

Руденко С.И. Очерк быта северо-восточных казаков. Казаки: сборник статей Антропологического отряда Казакстанской экспедиции Академия наук СССР: исследование 1927 г. /ред. изд. С. И. Руденко. Вып. 15. – Ленинград. Издание Акад. наук СССР, 1930. – С. 1-72

SAUMAL®. URL: <https://saumal.kz/mission> (Дата обращения: 31.10.2021)

Султанова М.Э., Шайгозова Ж.Н. Живое наследие Терисаккана: первый кумыс и священное гостеприимство в праздничной весенней обрядности. Известия Национальной академии наук Республики Казахстана. No 5 (315). Серия общественных и гуманитарных наук. – 2017. – С. 203-2012

Троценко П. Мысли и скакуны. Русский фермер делает казахский кумыс и размышляет о жизни в деревне. 27 октября, 08:11. URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-chebotarevo-horses-reportage/31522353.html> (Дата обращения: 30.10.2021)

Фиельсгрупп Ф.А. Молочные продукты питания турков-кочевников. Казаки: сборник статей Антропологического отряда Казакстанской экспедиции Академия наук СССР: исследование 1927 г. /ред. изд. С. И. Руденко. Вып. 15. – Ленинград: издание Акад. наук СССР, 1930. – С. 263-302.

Хаттон П. История как искусство памяти. Пер. с англ. В.Ю. Быстрова. – Санкт-Петербург: Фонд «Университет»: Владимир Даль, 2003. – 422 с.

Юань Чао Ви Ши. Монгольский обыденный избороик. Козин С.А. Сокровенное сказание. Монгольская хроника 1240 г. под названием Mongrol-un niguca tobciyan. Юань чао би ши. Монгольский обыденный избороик. Том I. Введение в изучение памятника, перевод, тексты, глоссарии. Ответственный редактор А. П. Баранников. Предисловие Н. Н. Поппе. – Москва; Ленинград: Издательство Академии наук СССР, 1941. – С. 79-199.

Юрченко А.Г. Кумысная церемония при дворе Бату-хана. Mongolica-VI. Ред. кол.: И.В. Кульганек (председатель), Л.Г. Скородумова, Н.С. Яхонтова. – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2007. – С. 62-70.

Юрченко А.Г. Элита Монгольской империи: время праздников, время казней. – Санкт-Петербург: ЕВРАЗИЯ, 2012. – 432 с.

References

- Babur-name (Zapiski Babura) [Babur's Notes] / Per. M. Sal'e.. Kn. 2. – Tashkent: Izd. CK KP Uzbekistana, 1982. – 256 s. [in Russian]
- Bartold V.V. Ceremonial pri dvore uzbekikh khanov v XVII veke [Ceremony at the court of the Uzbek khans in the XVII century]. Sbornik v chest semidesyatiletia Grigoriya Nikolaevicha Potanina. Sankt-Peterburg: tipografiya V.F. Kirshbauma (otd-nie) VIII, 668 s. Zapiski Russkogo geograficheskogo obshhestva: po Otdeleniu etnografii / red. d. chl. A. D. Rudnev. Tom 34. – 1909. – S. 293-308. [in Russian]
- Vladimircov B.Ja.. Chingis-han. [Genghis Khan]. Berlin. Peterburg. – Moskva: Izdatelstvo Z.I. Grzhebina, 1922. – 180 s. [in Russian]
- Gandzakeci K. Istoriya Armenii [The History of Armenia]. Per. s drevnearm., predisl. i komment. L.A.Hanlarzhan. – Moskva: Glavnaya redakciya vostochnoi literatury izdatelstva «Nauka», 1976. – 357 s. [in Russian]
- Dzhurkgezhm Je., Moss M. O nekotoryh pervobytnykh formah klassifikacii k issledovaniu kollektivnykh predstavlenii. [On some primitive forms of classification towards research of collective representations]. Moss M. Obshhestva. Obmen. Lichnost. [Trudy po social'noi antropologii Societies. Exchange. Personality. Works on social anthropology]. / Sos., per. s fr., predislovie, vstupit. statya, kommentarii A.B. Gofmana. – Moskva: KDU, 2011. – 416 s. – S. 55-124. [in Russian]
- Istoriya mongolov po armyanskim istochnikam. [The History of the Mongols according to Armenian sources]. Perevod i obyasneniya K.P. Patkanova. Vyp. 1. Vyp. 1: Zakluchaushhii v sebe izvlecheniya iz trudov Vardana, Stefana Orbeliana i Konstablya Sembata. – 1873. – VIII. – 100 s. [in Russian]
- Kazakh khalkynyn dasturleri men adet-guryptary. 1 tom: birtutastygy zhane ereksheligi [Traditions and customs of the Kazakh people. Volume 1: Integrity and specificity]. / Kurast.: S. Azhigali. – Almaty: «Arys», 2005. – 328 b. [in Kazakh]
- Kazakhi. Istoriko-etnograficheskoe issledovanie [Kazakhs. Historical and ethnographic research]. – Almaty: Kazakhstan, 1995. – 352 s. [in Russian]
- Kazakhtyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Enciklopediya. – Almaty: TOO «Alem Damu Integraciya», 2017. – 1 tom: A-B. – 856 b. [in Kazakh]
- Kazakhtyn etnografiyalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Enciklopediya. – Almaty: TOO Alem Damu Integraciya, 2017. – 4 tom: K-O. – 832 b. [in Kazakh]
- Kazakhtyn etnografijalyk kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi [he traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names]. Enciklopediya. – Almaty: Aziya Arna, 2014. – 5 tom: O-Ya. – 839 b. [in Kazakh]
- Kazakhstan: Tradicionnye vesennie prazdnichnye obryady kazakhskih konevodov byli vklucheny v Reprezentativnyi spisok nematerialnogo kulturnogo naslediya chelovechestva. [Kazakhstan: Traditional spring festive rites of Kazakh horse breeders were included in the Representative list of the Intangible Cultural Heritage of Mankind]. <http://ru.unesco.kz/kazakhstan-traditional-spring-festive-rites-of-the-kazakh-horse-breeders-inscribed-on-the> (Data obrashheniya: 03.09.2021) [in Russian]
- Malgazhdarova I. Po nacionalnosti nemec, no v dushe – kazakh»: Zhitel Karagandinskoi oblasti sozdal sobstvennyi recept kumysa. [By nationality German, but at heart - Kazakh": A resident of the Karaganda region has created his own recipe for koumiss], 07.10. 05:11. URL: <https://newtimes.kz/obshchestvo/137576-po-natsionalnosti-nemets-no-v-dushe-kazakh-zhitel-karagandinskoi-oblasti-razrabotal-sobstvennyi-retsept-prigotovleniia-kumysa> (Data obrashcheniya: 10.10.2021) [in Russian]
- Mjen-Da-bjei-lu. Zapiska o mongolo-tatarah [Report on the Mongol-Tatars]. Vasilev V.P. Istoriya i drevnosti vostochnoi chasti Srednei Azii ot X do XIII veka, s prilozheniem perevoda kitaiskikh izvestii i kidanyah, chzhurchzhenyah i mongolo-tatarah [Soch.] V. Vasileva. – Sankt-Peterburg: tip. Imp. AN, 1857. – S. 216-235. [in Russian]

Nora P., Ozuf M., Pjuimezh Zh. de, Vinok M. Francija-pamjat. [France-memory]. Per. s fr. D. Hapaevoi. – Sankt-Peterburg: Izd-vo S.-Peterb. un-ta, 1999. – 328 s. [in Russian]

Pjen Da-ja i Sjuj Tin. Kratie svedeniya o chernyh tatarah. [A Sketch of the Black Tatars]. Problemy vostokovedeniya. № 5. – 1960. – S. 133-158. [in Russian]

Polevye materialy avtorov (2021). [Field materials of authors]. Akmolinskaya, Karagandinskaya, Pavlodarskaya oblasti. Iul-avgust. [in Russian]

Polevye materialy ekspedicii (2021), poluchennye v Alginskoy raione Aktubinskoy oblasti, [Field materials of the expedition received in the Alginsky district of the Aktobe region], oktyabr. [in Russian]

Polevye materialy ekspedicii (2021), poluchennye v Korgalzhynskom raione Akmolinskoy oblasti, [Field materials of the expedition received in Korgalzhynsky district of Akmola region], avgust. [in Russian]

Polevye materialy ekspedicii (2021), poluchennye v Zhanaarbinskom raione Karagandinskoy oblasti, [Field materials of the expedition received in the Zhanaarbinsky district of the Karaganda region], avgust. [in Russian]

Polevye materialy ekspedicii (2021), poluchennye v Abajskom rajone Vostochno-Kazakhstanskoy oblasti, [Field materials of the expedition obtained in the Abay district of the East Kazakhstan region], oktyabr. [in Russian]

Rudenko S.I. Ocherk byta severo-vostochnykh kazakhov. Kazaki: sbornik statei Antropologicheskogo otryada Kazakhstanskoy ekspedicii Akademii nauk SSSR: issledovanie 1927 g. [An essay on the life of the North-eastern Cossacks // Cossacks: a collection of articles of the Anthropological detachment of the Kazakhstan expedition Academy of Sciences of the USSR: a study of 1927]. Vyp. 15. – Leningrad. Izdanie Akad. nauk SSSR, 1930. – S. 1-72. [in Russian]

SAUMAL®. URL: <https://saumal.kz/mission> (Data obrashcheniya: 31.10.2021)

Sultanova M.Je., Shaigozova Zh.N. Zhivoe nasledie Terisakkana: pervyi kumys i svyashhennoe gostepriimstvo v prazdnichnoi vesennei obryadnosti. [The living heritage of Terisakkan: the first koumiss and sacred hospitality in the festive spring rite]. Izvestiya Nacionalnoi akademii nauk Respubliki Kazakhstana. No 5 (315). Seriya obshchestvennykh i gumanitarnykh nauk. – 2017. – S.203-2012. [in Russian]

Trochenko P. Mysli i skakuny. Russkii fermer delaet kazahskii kumys i razmyshlyaet o zhizni v derevne. [Thoughts and horses. A Russian farmer makes Kazakh koumiss and reflects on life in the village]. 27 oktyabrya, 08:11. URL: <https://rus.azattyq.org/a/kazakhstan-chebotarevo-horses-reportage/31522353.html> (Data obrashcheniya: 30.10.2021) [in Russian]

Fielstrup F.A. Molochnye produkty pitaniya turkov-kochevnikov. [Dairy foods of the nomadic turks]. Kazaki: sbornik statei Antropologicheskogo otrjada Kazakhstanskoy ekspedicii Akademii nauk SSSR: issledovanie 1927 g. / [red. izd. S. I. Rudenko]. Vyp. 15. – Leningrad: izdanie Akad. nauk SSSR, 1930. – S. 263-302. [in Russian]

Hatton P. Istoriya kak iskusstvo pamyati. [History as an Art of Memory]. Per. s angl. V.Ju.Bystrova. – Sankt-Peterburg: Fond «Universitet»: Vladimir Dal', 2003. – 422 s. [in Russian]

Juan' Chao Vi Shi. Mongolskii obydeniy izbornik // Kozin S.A. Sokrovennoe skazanie. Mongolskaya hronika 1240 g. pod nazvaniem Monggol-un niguca tobciyan. Juan' chao bi shi. Mongolskii obydeniy izbornik. [Mongolian everyday anthology]. Tom I. Vvedenie v izuchenie pamjatnika, perevod, teksty, glossarii / Otvetstvennyj redaktor A. P. Barannikov. Predislovie N. N. Poppe. – Moskva; Leningrad: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR, 1941. – S. 79-199. [in Russian]

Urchenko A.G. Kumysnaya ceremoniya pri dvore Batu-hana. [koumiss ceremony at the court of Batu Khan]. Mongolica-VII /Red. kol.: I. V. Kul'ganek (predsedatel'), L.G. Skorodumova, N.S. Jahontova. – Sankt-Peterburg: Peterburgskoe Vostokovedenie, 2007. – S. 62-70. [in Russian]

Urchenko A.G. Jelita Mongolskoy imperii: vremya prazdnikov, vremya kaznei. [The elite of the Mongol Empire: the time of holidays, the time of executions]. – Sankt-Peterburg: EVRAZIJa, 2012. – 432 s. [in Russian]

FTAMP 13.11.45

СИМВОЛИЧЕСКИЙ КАПИТАЛ КУМЫСНЫХ ПРАЗДНИКОВ, РИТУАЛОВ И ЦЕРЕМОНИЙ В КОНТЕКСТЕ ПОМНЯЩЕЙ КУЛЬТУРЫ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

З.К. Сураганова¹, Қ.К. Сарсембина^{2*}

¹Государственный историко-культурный музей-заповедник «Бозок», Казахстан. г. Нур-Султан

²ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан. г. Нур-Султан

*Корреспондирующий автор

E-mail: suraganova_zk@mail.ru (Сураганова), kuralai_sk@mail.ru (Сарсембина)

Аннотация. На основе исторических источников, полевых материалов и публикаций в СМИ показано значение кумыса в прошлом и настоящем.

Согласно письменным свидетельствам авторов XIII-XVII вв. представлено сакральное, ритуальное значение кумыса, который на протяжении столетий сохранял роль главного церемониального атрибута воинских ритуалов, пиров и жертвоприношений. перед сражением кумысом для достижения победы кропили на боевые штандарты. Кумыс выступал в качестве жертвенного приношения.

Кумыс выступал значимым угощением на пиру. Этот напиток являлся престижным напитком и обязательным угощением как на государственных приемах и празднествах в степных империях, так и в юрте степняка. Церемониальный порядок угощения кумысом семантически обозначал иерархичность в степных империях.

Об устойчивости кумысных обрядов у казахов свидетельствуют этнографические источники. Почетный, престижный характер кумыса в казахской степи, обрядовый характер кумысных угощений актуальны и в XX веке.

Полевые исследования, проведенные на территории Сары-Арки в августе-октябре 2021 г. дают основание говорить об устойчивости кумысных праздников у казахов в рамках календарной обрядности. Постоянством отличается и церемония угощения кумысом.

Возникший в глубокой древности производственно-обрядовый комплекс кумысных праздников рассматривается сегодня казахами как культурное наследие, как место памяти. Его используют в качестве символического капитала для организации и проведения различного рода мероприятий.

Загадка устойчивости кумыса в его уникальных биологических свойствах. Кумыс возвращается к нашим современникам в новом качестве – в виде исцеляющего напитка. Свойства кумыса выводят его из рамок этнической традиции и делают достоянием общеказахстанской культуры.

Ключевые слова: помнящая культура, место памяти, кумысные ритуалы и церемонии, казахи.

IRSTI 13.11.45

SYMBOLIC ASSET OF HOLIDAYS, RITUALS AND CEREMONIES DEDICATED TO KOUMISS DRINK IN CONTEXT OF LONG-MEMORIED CULTURE OF THE GREAT STEPPE

Z.K. Suraganova¹, K.K. Sarsembina^{2*}

¹State Historical and Cultural Museum-Reserve «Bozok», Kazakhstan. Nur-Sultan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan. Nur-Sultan

*Corresponding author

E-mail: suraganova_zk@mail.ru (Suraganova), kuralai_sk@mail.ru (Sarsembina)

Abstract. Based on the historical sources, field records and publications, the mass media showed a significance of kumys in the past and in the present.

According to the written testimonies of the authors of XIII-XVII centuries, a sacral, ritual significance of kumys was presented, which throughout the centuries had been holding the role of the main ceremonial attribute of the military rites, feasts and offering sacrifices. Before the battle in order to achieve victory, the kumys was sprayed on the battle standards. Kumys played a role of the sacrificial offering.

Kumys played a role of the significant treat during the feast. That drink was a prestigious one and prerequisite treat both for the state banquets and festivals in the steppe empires, and in the yurt of inhabitant of steppe regions. Ceremonial procedure of kumys serving notionally referred to the hierarchical pattern in the steppe empires.

Ethnographic records give evidence of the stability of kumys rites of the Kazakhs. Honored, prestigious nature of kumys in the Kazakh steppe, ceremonial nature of kumys serving are of current interest in XX century.

The field research carried out in the territory of Sary-Arka in August-October 2021 provides basis to speak about a stability of kumys holidays of the Kazakhs under the calendar ritualism. The ceremony of kumys serving also shows the stability.

The complex of kumis holidays that arose in ancient times is considered today by Kazakhs as a cultural heritage, as a place of memory. It is used as a symbolic capital for organizing and carrying out various kinds of events.

A secret of kumys stability is in its unique biological properties. Kumys comes back to our contemporaries in its new capacity, a capacity of healthful drink. Kumys properties go outside the framework of ethnical tradition and turn it into all-Kazakhstan cultural asset.

Key words: remembering culture, place of memory, kumys rituals and ceremonies, Kazakhs.

Авторлар туралы мәлімет:

¹Тарих ғылымдарының кандидаты

^{2*}Тарих ғылымдарының кандидаты

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

І.Ғ. Ғалымова Арабтілді деректердегі Орталық Азияның этникалық тарихы.....	5
Т.Н. Мухажанова, Г.Е. Сабденова, Д.С. Байгунаков Мажар этномәдениетіндегі түркілік контекст.....	19
А.Р. Хазбулатов, А.И. Ибрагимов Практика сохранения традиционных ремесел в странах Азиатско-Тихоокеанского региона.....	33
Д.Б. Касымова, М.Ч. Калыбекова Казахи в Туркменистане в начале 1930-х гг.: эпизоды противостояния советской власти.....	45
Е.Ш. Ақымбек, М.С. Шагирбаев Талас өңіріндегі ортағасырлық төрткүлдердің зерттелу тарихы.....	58
О.Х. Мұхатова Қазақстанда ХІХ-ХХ ғасырдың бас кезіндегі білім берудің революцияға дейінгі тарихнамасы.....	77
А.Қ. Ахмет, Ғ.А. Шотанова Неплюев училищесінің қазақ түлектері.....	92
Л.С. Динашева, Г.Ж. Примкулова, М.О. Аксой ХІХ ғ. 60-70 жж. патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстанда жүргізген қоныс аудару саясаты және көпэтносты құрылымның қалыптасуы.....	105
О.Б. Қуанбай, Н.Н. Құрманалина Қазақ-жоңғар күресі кезеңіндегі тұлғалардың зерттелу мәселелерінен (қазіргі қазақстандық еңбектерде).....	119
С.А. Асанова, А.Т. Капаева Некоторые аспекты истории казахской культуры второй половины XX века.....	129
Р.Х. Муртазаева Подготовка женщин-лидеров – неотъемлемый элемент достижения целей развития Узбекистана.....	143
А.Ш. Махаева, О. Чаргынова Түркі халықтарының өзара байланыстарын зерттеудің кейбір мәселелері (ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. басы).....	151
З.К. Сураганова, К.К. Сарсембина Ұлы даланың есте қалдыру мәдениеті шеңберіндегі қымызға қатысты мерекелер, рәсімдер мен ғұрыптардың символдық қоры.....	163
Қ.Қ. Жылқышыбаева, А.Т. Жағыпар Қазақ қоғамындағы әйелдердің әлеуметтік және саяси рөлі.....	177

О. Кuanbay Features of functioning of the institution of kazakh batyrs (XVIII – XIX c.).....	192
Д.М. Иноятова Меннониты в Туркестане: процессы диаспоризации.....	205
Soner Saglam, Yashar Sozen Consideration of the concept of criticism as a social theme in Jambyl Jabayev's poems.....	218
Ә.Ә. Тәжекеев, Ы.С. Құрманиязов, Е. Каналхан ЖЕТИАСАР ЕСКЕРТКІШТЕРІ ӨЛКЕТАНУШЫ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ МЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ КАРТОГРАФИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНДА (XIX ғ. аяғы – XX ғ. басы).....	230

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы

Алматы қ., Шевченко көш., 28,

ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

«edu.e-history.kz» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 261-67-19

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жайы: www.edu.e-history.kz

Журнал 2013 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркеліп, № 14602-ИА куәлігіне ие болды.